

МУЗЫКА

*Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық*

Шартты белгілер:



– музыкалық сауаты



– Ойлан



– Есіңде сақта!



– шығармашылық жұмыс



– Кел, шырқайық!



– топтық жұмыс



– Өзіңді бағала



– Сен білесің бе?



Үйренетін әндердің сүйемелдеуі

Жыл бойы үйренетін ән мәтіндерінің толық нұсқасы



АЛҒЫ СӨЗ



Сені қызыққа, қуанышқа толы **Музыка әлемі** қарсы алуға дайын!

Бұл әлемде сен әуеннің сиқырлы сырларын ашасың. Түрлі аспаптардың дауыстарын естіп, халық әндері мен күй-аңыздардың құдіретін сезінесің.

Ән айтуды үйреніп, өзіңнің өнерге деген қабілетіңді дамытасың. Музыка – жүректің тілі. Ол қуантады, шабыттандырады, достық пен мейірімділікке баулиды. Ол туған еліңді, әдемі табиғатты, жақын адамдарыңды жақсы көруге үйретеді.

Оқулықтың электрондық нұсқасы бар. Онда интербелсенді тапсырмалардан бөлек аудио мен бейнежазбалар да қамтылған. Олар сабақты қызықты етіп, жаңа білімді меңгеруге көмектеседі.

Сенің музыкалық сапарың дәл қазір басталады!
Музыка әлеміне қош келдің!



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

Музыкасын жазған: *Шәмші Қалдаяқов.*
Сөзін жазғандар: *Жұмекен Нәжімеденов,*
Нұрсұлтан Назарбаев.

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!

Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой!
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең-байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.

Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай,
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:



Әнді орындаудың ережелері

1. Ән айтқанда түзу тұр.
2. Партада отырғанда денеңді тік ұста.
3. Екі қолыңды тізеңе қой.
4. Иығыңды көтермей, ішіңмен демал.
5. Әнді мұғалімнің қол қимылына қарап баста және аяқта.
6. Әнді мәнерлеп айтуға тырыс.
7. Хормен ән салғанда достарыңның дауысына құлақ тұр.
Даусың қатты естілмеуі керек.
8. Өзіңді тыңда және дауысыңның әдемі естіліп тұрғанына мән бер.
9. Әннің сөздерінің мағынасын түсініп, оны мәнді де әсерлі орында.



I. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



Құрметті жас өнерпаз!

Сен оқулықты «Жанды табиғат»
бөлімінен бастайсың.
Бұл бөлімде сен табиғат пен музыканың
керемет үндестігін сезініп, ерекше
әуендер әлеміне сапар шегесің.

Бұл бөлімде сен:

- жапырақтың сыбдыры мен өзеннің сылдыры, желдің ысқырығы мен жаңбыр тамшысының да өз әуені бар екенін білесің;
- құстардың сайрағанын тыңдап, олардың үніндегі шаттықты музыкамен жеткізуді үйренесің;
- жануарлар әлемінің дыбыстарын музыка тілінде танысың;
- табиғат құбылыстарының музыкалық бейнесін елестетіп, сезінесің.

Біз сабақ барысында бірге ән тыңдаймыз, ойнаймыз, орындаймыз және табиғаттың сиқырлы үнімен шабыттанамыз.

Әлемді музыкамен бірге жаңа қырынан танып, табиғат сазын бірге ашайық!



Құрметті досым!

Құстардың әні, желдің үні және күннің күркіреуі – адамдарды музыкалық аспап жасап, әуен шығаруына шабыттандырды.

Музыканың тілінде сөйлегің келе ме? Онда тыңда, сезін, шығармашылықпен айналыс, сонда музыка сенімен сөйлеседі!

Бүгінгі сабақта:

- «халық музыкасы» ұғымымен танысасың;
- «Япыр-ай» әнін тыңдап, көркемдеуші құралдарды (екпін, көңіл-күй, аспаптар түрі) анықтайсың;
- нота түрлерімен танысасың.

**Музыкалық
цғымдар:**



- халық музыкасы
- нота



Халық музыкасы – ерте заманда шығарылған ән мен әуен. Бұл әуендер ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Олардың авторы белгісіз, сондықтан **халық музыкасы** деп аталады.

1. Әнді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

Халық әні «Япыр-ай»

Орындаған *Ғарифолла Құрманғалиев*



- Ән неліктен «Япыр-ай» деп аталған?
- Шығарманы тыңдаған кезде көз алдыңа не елестейді? Әндегі жаңбырдың, желдің, толқынның дыбысын салып көр.
- Әннің орындалуындағы көркемдеуші құралдарды сипатта (*екпіні, көңіл күйі, орындайтын аспаптар т.б.*).



Япыр-ай – таңдану, таңырқау мағынасында айтылатын сөз.




2. Ойлан, тап!

Жеті дос бар бір үйде,
Тұрмас олар бір күйде.
Бірі – төмен, бірі – биік,
Кәне, ол не? Айтып жібер!



Нота – музыкалық шығармадағы дыбысты бейнелеу үшін қолданылатын графикалық белгі. Музыкада 7 нота бар: До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си.



3. Көп нүктенің орнына ноталардың атауын (До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си) қойып, сөз құра.

...ңк, ...рас, ...брика, ...ыр, Жан...с, ...феджио, по...к.



4. Қорытынды жасап, өзіңді бағала.

Музыка мен табиғат – егіз. Музыка табиғаттың сұлулығын жеткізеді, ал табиғат музыкаға шабыт береді. Табиғатты қорғау – біздің парызымыз.

- Музыка мен табиғаттың байланысын білдім.
- Әлі де сұрақтарым бар.
- Маған қиын/оңай болды.



Құрметті, досым!

Өткен сабақта біз табиғат дыбыстарын тыңдадық. Енді сол табиғаттың ең әсем сазгері – құстармен танысамыз.

Бүгінгі сабақта:

- құстарға арналған әндерді тыңдап, интонация түрлерін ажыратасың;
- «Ақ көгершін» әнін хормен айтасыңдар.

Музыкалық ұғымдар:



- хор
- интонация

Адамдар ерте заманнан бері құстардың дауысын тыңдап, табиғаттың әсем үніне таңғалған. Сазгерлер құстардың әсем әуенін тыңдап, сезініп, олардың дыбыстарына ұқсас музыка шығарды.





1. Құстар туралы білетін және естіген әндеріңді есіңе түсір.

- Қай жерде естідің?
- Құстар туралы қандай ән білесің?

Құстарға арналған шығармалар:

- А. Жұбанов. «Қарлығаш».
- Н. Тілендиев. «Аққу», «Құстар әні».
- Л. Хамиди. «Бұлбұл».
- И. С. Бах. «Кукушка и соловей».
- К. Сен-Санс. «Карнавал животных», «Птицы».
- П. Чайковский. «Жаворонок».

2. Тыңда, сұрақтарға жауап бер.



Құстар әні

Әнін жазған *Н. Тілендиев*

Сөзін жазған *Т. Молдағалиев*

Орындаған *А. Жұбанов атындағы дарынды балалар мектебінің хоры*



- Құстардың үні арқылы композитор не айтқысы келген?
- Музыка тез орындалды ма, әлде баяу ма?
- Бұл шығарма сендердің көз алдыларыңа қандай суретті елестетті?



Хор – бірге ән айтатын адамдар тобы. Хорда бірнеше дауыс болады (*жоғары, төмен т.б.*). Хорды аспаптардың сүйемелдеуімен де, сүйемелдеуінсіз де орындауға болады.

Интонация – музыкалық дыбыстың дәл, таза шығуы және оны мәнерлеп орындау ерекшелігі.



3. Кел, шырқайық!



Ақ көгершін

Әнін жазған *А. Жұбанов*

Сөзін жазған *Н. Баймұхамедов*

1. Ақ көгершін, көгершін,
Қолғанат құс сен едің.
Бар, кезіп қайт ел үшін,
Кең дүниенің көлемін.
«Әділеттің құсы», – деп,
Көз алмастан жолыңнан.
«Бақыт болып қоншы», – деп,
Ұшырамын қолымнан.

Қайырмасы:

Ел тілегін алып ұш
Адамзаттың бағына.
Қара бұлтты жарып ұш
Мұхиттың арғы жағына.

2. Сенен көзін алмайды
Ақ ниеті бар адам.
Ақ қанатың талмайды
Әділеттен жаралған.
Тыныш-бейбіт өмірдің
Белгісі боп қанат қақ.
Әлемге ортақ көңілдің
Қайт шыңына қонақтап.

Қайырмасы:



4. Қорытынды жасап, өзінді бағала.

Құстардың әні – табиғи музыка. Құстардың әуені тыңдаушыны ерекше сезімге бөлейді. Музыка да адамның көңіл күйіне әсер етеді.

- Маған құстардың үні ... болып естілді.
- Мен бүгін ... үйрендім.
- Маған ... қиын/оңай болды.



Құрметті досым!

Маған бір ғажап ой келді. Көне, барлығымыз бірігіп, «Орман симфониясын» құрастырайық.

Бүгінгі сабақта:

- «симфония», «опера» ұғымдарымен танысасың;
- симфониялық оркестрде орындалған шығармаларды тыңдап, опера мен симфониялық шығармалардың айырмашылығын ажыратасың.

Музыкалық ұғымдар:



- симфония
- опера

Табиғи дыбыстар – желдің уілі, құстың сайрауы, жапырақтың сыбдыры, бұлақтың сыбдыры. Бұлар бірігіп, табиғаттың симфониясын құрайды.



1. Тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

Тілес Қажығалиев. «Дала аңызы».

- Қандай дыбыстар естідің?
- Музыка сенде қандай көңіл күй тудырды?
- Қиялыңда қандай көрініс елестеді?



Тілес Шамғонұлы Қажығалиев

(1949 – 1996) – Қазақтың танымал композиторы және дирижёры. Ол бала кезінен музыкаға қызығып, Мәскеу, Алматы қалаларында музыкалық білім алды. Ол оркестрге арналған шығармалар, күйлер мен әндер жазды.

Олар: «Дала аңызы», «Салтанатты увертюра» т.б.



Симфония (гр. συμφωνία – үндестік) – үлкен оркестр орындайтын, көңіл күй мен сезімге толы үлкен музыкалық шығарма.

Опера – музыка мен театр үйлескен сахналық өнер түрі. Өртістер операда оркестрдің сүйемелдеуімен рөлде ойнап, сөздерін әндетіп айтады, би билейді.

Егер опера әншілер сөйлейтін музыкалық ертегі болса, ал симфония – тек аспаптар сөйлейтін үлкен ертегі. Опера да, симфония да оқиғаны музыка арқылы жеткізеді.



2. Шығармашылық жұмысты орында.

«**Мен орманға бардым ...**» деп басталатын шағын әңгіме жаз (кемінде 10 сөйлем). Әңгімеде келесі сұрақтарға жауап бер:

- Орманға қашан және қалай бардың?
- Қандай жануарларды, құстарды немесе жәндіктерді кездестірдің?
- Қандай дыбыстар естідің?
- Орманда не қызық болды? Не қорқынышты болды?



3. Өткен сабақта үйренген «**Ақ көгершін**» әнін қайталап орындайық.

Әнін жазған *А. Жұбанов*

Сөзін жазған *Н. Баймұхамедов*



4. Қорытынды жасап, өзіңді бағала.

Музыка орман сияқты: бірде тыныш, бірде шуақты, бірде көңілді, бірде мұңды. Симфония мен опера да бізге сол сезімдерді жеткізеді.

5. Сөйлемдерді аяқта:

- Маған ұнаған сәт... .
- Ормандағы дыбыстар маған... .
- Мен бүгін ... білдім.



Құрметті досым!

Мен бүгін сені кең далаға, жайлауға саяхатқа шақырамын. Ол жерде шөптің сыбдыры, желдің үні, төлдердің дауысы – бәрі музыка сияқты.

Бүгінгі сабақта:

- музыкалық шығармадағы көркемдеуші құрал (әлсіз, екпінді үлес) түрімен танысасың;
- «Сарыжайлау» күйін тыңдап, үлес түрін анықтайсың;
- «Алтын күз» әнін орындап, екпінді үлесті іс-қимыл арқылы көрсетесің.

Музыкалық ұғымдар:




- күй
- үлес (әлсіз үлес, екпінді үлес)

Жайлау – қазақ халқының жазда қоныстанатын табиғаты көркем мекен. Жайлаудағы тыныштық, табиғат дыбыстары композиторларға шабыт береді.

1. Тыңда және талда.



Тәттімбеттің күйі – «Сарыжайлау»
Домбырада орындаған *Мұрат Әбуғазы*



- Бұл күй саған нені еске түсірді?
- Музыка қандай көңіл күй сыйлады?
- Көз алдыңа қандай табиғат көрінісі келді?
- Күй қандай аспапта орындалды?



Күй – домбыра немесе қобыз сияқты ұлттық аспаптарда орындалатын қазақтың аспаптық музыкалық шығармасы.



Үлес – музыкадағы ырғақтың бірқалыпты, үздіксіз «соғуы». **Әлсіз үлес** – музыкадағы соққысы жеңіл, жай естілетін үлес. **Екпін үлес** – музыкадағы ең күшті, анық естілетін үлес.



2. «Алтын күз» әнінің «жүрек соғысын» табайық. Алдымен әнді тыңдап отырып, алақандарыңды тізелеріңе бірқалыпты соғыңдар. Сонан соң музыка ырғағымен қадам жасаңдар.



3. Кел, шырқайық!



Алтын күз

Әні мен сөзін жазған *Ж. Қалжанова*

- Еңбек сүйген еліме
Берекелі күз келді.
Жемісін көп жинаймыз,
Еңбектеніп біз де енді.

Қайырмасы:

Алтын күз-ау, алтын күз,
Сені жақсы көреміз.
Сабантойда ән салып.
Би де билеп береміз.



4. Қорытынды жасап, өзіңді бағала.

Жайлау тек табиғат көрінісі ғана емес, ол – қазақ халқының өмір салты, дәстүрі мен қуанышы.

5. Сөйлемдерді аяқта:

- Мен музыка арқылы жайлауда... .
- Мен жайлау сазында... .
- Маған ең қатты ұнаған сөт... .

Мазмұны

I. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ	6
1. Музыка – табиғаттың үні	7
2. Құстар әні	9
3. Орман симфониясы	12
4. Жайлау үні	14
II. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН	16
5. Жақсылық жасау – жүректен	17
6. Достық үні	20
7. Бірлік түбі – береке	22
8. Еңбек – өмірдің сәні	25
III. УАҚЫТ	28
9. Музыканың өткені мен бүгіні	29
10. Сағат сырлары	32
11. Жыл мезгілдері музыка әлемінде.....	35
12. Таңғы және кешкі әуендер.....	38
IV. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ	41
13. Ән салған ғимараттар	42
14. Музыкалық импровизация және сәулет	44
15. Музыканың қасиеті	47
16. Музыкалық штрихтар және сәулет өнері	50
V. ӨНЕР	52
17. Музыка – өнер патшайымы.....	53
18. Саз бояуы мен сурет үні	56
19. Әуенмен үндескен қимыл.....	59
20. Музыка және театр	62
21. Кино және мультфильм музыкасы	65
VI. АТАҚТЫ ТҮЛҒАЛАР	68
22. Әлем композиторлары	69
23. Ұлы дала сазгерлері	72
24. Қазақстанның композиторлары	75
25. Қазақстанның дирижёрлары	78
26. Музыка тарихындағы батырлар.....	81
VII. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ	84
27. Су – табиғат сазгері.....	85
28. Өзен мен көлдің әуені.....	88
29. Тамшы симфониясы.....	91
VIII. ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР	95
30. Мерекелік әндер	96
31. Мерекелік би әуендері	99
32. Музыка – саяхаттың серігі.....	102
33. Музыка – адамзатқа ортақ тіл	105
34. Жаздың шаттық әуендері	108